

**РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясы отырысының
ХАТТАМАСЫ**

№ 4

« 12 » 02 2026 ж.

Қатысқандар:

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы клиника және дипломнан кейінгі білім беру жөніндегі проректор Берікұлы Д.

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасының орынбасары дипломнан кейінгі білім беру мектебінің деканы Мусабекова Ж.А.

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының хатшысы орынбасары дипломнан кейінгі білім беру мектебі деканының орынбасары Оразбаева А.К.

РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының мүшелері, тізім қоса беріледі.

Күн тәртібінде:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары үшін кадрларды даярлау моделін енгізу бойынша іс-шаралар жоспарына түсініктеме – баяндамашы: ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының орынбасары, Нұралиева Ұ.Ә.

2. Резидентураға түсу траекторияларын талқылау – баяндамашы: РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы Берікұлы Д.

3. Магистратураның икемді үлгілерін (1 және 2 жылдық бағдарламалар, модульдік, project-based learning)) және «concentration tracks» (магистратура бағдарламасы аясындағы мамандандыру тректерді) енгізу – баяндамашы: «Қарағанды медицина университетінің» КеАҚ, стратегия, цифрландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректоры, Риклфс В.П.; қосалқы баяндамашы: «Қарағанды медицина университетінің» КеАҚ, ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, Ключев Д.А.

Тыңдалды: РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы Берікұлы Д.

Қайырлы күн, әріптестер. Бізде кворум бар. РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының хатшысы Ж.А. Омарғалиева, басқа бөлімге жұмысқа ауысуына байланысты, дипломнан кейінгі білім беру мектебі деканының орынбасары Оразбаева А.К. болады. Мен бастайын. Бүгінгі күн тәртібінде үш мәселе бар:

Бірінші сұрақ бойынша тыңдалды: ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының орынбасары, Нұралиева Ұ.Ә.

– Қайырлы күн, әріптестер. Уақыттың тығыздығына байланысты қазіргі таңда медициналық кадрларды даярлау моделін қайта қарау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы қысқаша баяндап өткім келеді. Барлық секция қатысушылары таңдалған модель және атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде хабардар болғанын қалаймын. Бүгінде басшылық, депутаттар тарапынан мақұлданған және біз де талқылаған модель – 6 + 1. Яғни базалық білім беру 6 жыл, кредит саны 70-ке дейін ұлғайтылады. Алтыншы курс алты бағыт бойынша бейіндік оқыту ретінде ұйымдастырылады және оған қоса бір жыл интернатура енгізіледі.

Интернатура дипломға дейінгі деңгейде болады, яғни ол жоғары оқу орнынан кейінгі білімге жатпайды. Ал резидентура бұрынғыдай жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі болып қалады. Оқыту мазмұны мен мерзімдері бойынша бұрын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес ақпарат пен материалдар ұсынуларыңызды сұраймыз. Бұл жұмысқа негізгі жауапты жоғары оқу орны – Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті. Қалған ЖОО-лар, ҒЗИ және ҰО мазмұны, мерзімдер және біріктіру бойынша өз ұсыныстарын беруі тиіс. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті барлық ұсыныстарды жинақтап, белгіленген мерзімде бізге ұсынуы қажет.

Сонымен қатар резидентураға қабылдауды цифрландыру мәселесі де бірнеше рет жұмыс тобында талқыланды. Бұл жөнінде толығырақ қазір Асет Қайратұлы баяндап береді. Заң

жобасына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарымыз депутаттарға жолданды, қазіргі таңда бастамаларымыз пысықталуда. ҮИМББ атауы ИМББ болып өзгертіледі, яғни «үздіксіз» сөзі алынып тасталып, «интеграцияланған медициналық білім беру» атауы қалады. Магистратура толықтай жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне ауыстырылады. Бүгін Қарағанды медицина университеті магистратура бойынша жаңа бағыттар мен тректерді таныстырады. Әріптестер, мен жұмысымызды жалғастыруды ұсынамын. Әсет Қайратұлы енді цифрландыру бойынша, нақтырақ айтқанда, қабылдау барысында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндайды. Қазіргі ИМББ бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттерді қабылдау мәселесі бойынша түпкілікті шешім әлі қабылданған жоқ. Қазіргі уақытта екі нұсқа қарастырылуда: 6 + 1 моделіне көшу; немесе қолданыстағы бағдарлама бойынша оқуын аяқтау. Басшылық соңғы шешімді қабылдағаннан кейін қосымша хабарланады.

Сұрақ: Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, ЖОО-дан кейінгі білім беру мектебінің деканы Нұрғалиева Р.Е.

- Ұлмира Әуезханқызы, біз МЖМББС-на және 4-қосымша мен ТУПР бұйрығына түзетулер ұсынған едік. Осы түзетулерді жаңа модельдегі бейіндік даярлықты ескере отырып енгізуіміз керек пе? 2020 жылғы стандарт бойынша оқып жатқан студенттер бұрынғы мазмұн мен мерзімде қала ма?

Жауап: Иә, қалған стандарттардың барлығы сақталады. Өзгерістер тек ИМББ -ға қатысты.

Тыңдалды: ҚР ДСМ ҒжәнеАРД ОӘБ жетекшісі Ізденов А.Қ.

- Қазіргі уақытта резидентураға қабылдауды цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағытта «Platonus» платформасымен бірлесіп жұмыс атқарып жатырмыз. Ай сайын онлайн кездесулер өткізіліп, жүйедегі өзгерістер мен толықтырулар талқылануда. Ақпан айының соңына дейін демо-нұсқасын көрсету жоспарланған. Наурыз айының басында министрге таныстыру көзделуде. Әрі қарай бекіту үшін университеттер осы форматта өз тарапынан жұмыс істеуі керек. Біз сонымен қатар осы процестің нормативтік-құқықтық базасына белгілі бір өзгерістер енгізу үшін №270 бұйрыққа өзгерістер енгізу мәселесі де қатар қарастырылып жатыр. Сіздер 270-ші бұйрыққа қатысты ұсыныстарды жібере аласыздар, егер платформа цифрланған болса, бұйрыққа қандай қосымша өзгерістер енгізуіміз керек. Наурыз айының басында біз оны РОӘК ОӘБ -не көрсеткіміз келеді, «Platonus» цифрлық платформа арқылы резидентураға түсуге қатысты белгілі модульдерді ұсынады және көрсетеді. Бұл тек бірінші блок. Кейінірек, жазда біз екінші блокқа көшеміз. Бұл резидентура бойынша оқыту, жұмысқа орналастыру да осы модульге кіреді. Толығырақ ақпарат болған кезде біз қосымша ақпаратты мерзімді түрде береміз.

Сұрақ: РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы Берікұлы Д.

- Биылдан бастап резидентураға орталықтандырылған қабылдау болады ма?

Жауап: Иә, осы жылдан бастап жоспарланып отыр.

Сұрақ: Корпоративтік қор: «УМС» Сыздықова А.А.

- Жалпы, бірінші блоктың тұжырымдамасы туралы айтсаңыз, бұл цифрлық қабылдау алаңының мәні неде? Өйткені біз УМС ішінде цифрландырылғанымыз келді. Яғни, Сіздің платформа арқылы құжаттарды қабылдау және т.б.

Жауап: Бұл резидентураға қабылдаудың бірыңғай тәртібі, бір бағдарлама арқылы барлығына бірдей. Барлық университеттер үшін бұл ҰБТ сияқты, тәртібі де дәл солай болады, ол барлық ақпараттық платформаларға қосылу процедураларын қамтиды, мұнда олардың оқу нәтижелері оқудағы белгілі бір жетістіктермен байланысты болады, бұл ұпайлардың жинақталуына және кейіннен резидентураға өтуіне әсер етеді.

Сұрақ: Корпоративтік қор: «УМС» Сыздықова А.А.

- Бірақ қараңызшы, біздің өзіміздің ішкі талаптарымыз бар. Біз барлық оқу жылдары үшін GPA шегін жоғары қоямыз. Бізде шет тілін білуге және т.б. қосымша талаптар бар. Ендеше, республикалық деңгейде қабылдаудың бірыңғай тәсілін енгізсеңіз, бізде әлі де студенттерді өзіміз таңдау мүмкіндігі болады ма? Таңдауыңыздан кейін?

Жауап: Сіз көрсеткен талаптар біздің платформада да ескерілген. Иә, егер сізде қандай да бір қосымша талаптар болса, оларды қосымша қосуға болады және ұйымыңыздың шеңберінде академиялық саясатта іріктеу үшін қосымша талаптарды бекітесіз. Жалпы, резидентураға қабылдау үшін кейіннен біздің барлық университеттеріміз бен ғылыми орталықтарымыз қолданатын бірыңғай процедура қолданылатын болады.

Сұрақ: Корпоративтік қор: «UMC» Сыздықова А.А.

- Жарайды, мен тек университеттердің де іріктеу үдерісіне ықпал ету құқығы болғанын қалаймын. Яғни, ҰБТ-дағыдай емес.

Жауап: Бұл жерде біз адам факторының әсерін барынша азайтуға көбірек көңіл бөлеміз.

Сұрақ: Корпоративтік қор: «UMC» Сыздықова А.А.

- Бұл тамаша, көзқарас дұрыс, бірақ теңгерімсіздікке жол бермеу үшін бізге, UMC ге түсетін үміткерлерге қойылатын талаптарды жылдан жылға күшейтіп жатырмыз.

Жауап: Қабылдау талаптарын арттыру бойынша ұсыныстарыңыз болса, оларды да жіберуіңізге болады, біз оларды қарастырамыз.

Жауап: Корпоративный фонд: «University Medical Center» Сыздықова А.А.

- Иә, шын мәнінде мен осы ақпаратты сіздерге жібердім, мен енді қайтадан жіберемін.

Сұрақ: Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, ЖОО-дан кейінгі білім беру мектебінің деканы Нұрғалиева Р.Е.

- Әрине, бәріміз қуандық; бұл барлық университеттер асыға күткен шара. Дегенмен, белгілі бір қауіптер бар. Жеке кабинеттен бастап бәрі реттеледі ме? Өткен жылға дейін біз де осындай платформаны талқылап келдік. Біз оны күттік, бірақ ол былтыр болмады. Енді шілдеде бастап іске асатынының түсіндік. Өтініш беруден бастап қабылдау емтиханының нәтижелеріне дейін барлығы осы платформада бола ма?

Жауап: Иә, Роза Ерғалиқызы, бәрі орындалады. Бүкіл процедура цифрлануда.

Сұрақ: РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы Берікұлы Д.

- Жарайды, жауабыңызға рахмет. Әсет Қайратұлы, менің де біртұтас цифрлық платформаға қатысты сұрағым бар. Магистратурадағыдай оқуға түсуге тапшылық қаупі тууы мүмкін емес пе? Есіңізде ме, сол орталықтандырылған емтиханды тапсырып, магистратураға түсу үшін қайта тапсырған. Магистратурадағыдай талапкердің жетіспеушілік қаупі болмай ма?

Жауап: Біз олай ойламаймыз. Өйткені, жалпы идеология оның бұрынғы нәтижелерінің барлығы ескерілетін болады. Ең бастысы, GPA, Ұлттық бағалау орталығында өткен соңғы емтихан нәтижесі ескеріледі. Қалғандары, шамамен айтқанда, интеграцияланған ақпараттық платформа және басқа жүйелермен интеграция арқылы жүргізіледі.

Сұрақ: ЖОО-дан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы, «Ұлттық ғылыми медициналық орталық» АҚ, Досатаева Г.С.

- Айтыңызшы, өтініш берушінің былтырғыдай жалпы тәжірибелік дәрігерлік жұмыс өтілі есепке алынады ма?

Жауап: Иә, міндетті түрде есепке алынады. Біз осымен бірнеше жылдан бері бірге жұмыс істеп, жетілдіріп келеміз.

Сұрақ: РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы Берікұлы Д.

- Биылғы қосарланған түлекке байланысты грант саны көбейе ме?

Жауап: Иә, біз негізінен қосарланған түлектерді де, жергілікті атқарушы органдардың гранттарын да, кез келген қосымша тетіктерді де ескереміз. Бірақ, жалпы алғанда, біздің есептеуіміз бойынша, бізде бар, жоспарланған грант көлемі сақталады. Қосымша жергілікті атқарушы органдар гранттары қарастырылады, жергілікті атқарушы органдары арқылы бөлінетін гранттардың санын арттыру мақсатында бірнеше кездесулер өткіздік.

Қаулы:

Ақпарат назарға алынсын.

Екінші сұрақ бойынша тыңдалды: РОӘК ОӘБ ЖОО кейінгі білім беру секциясының төрағасы Берікұлы Д.

– Биылғы қосарлы түлекті ескере отырып, бейіндік интернатурадан резидентураға түсу траекториясының жобасы ұсынылды. Материалдар чаттарға жолданды. Төтенше жағдайлар комитетінен бір ұсыныс келіп түсті. (Материалдар қоса беріледі).

Сұрақ: Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, ЖОО-дан кейінгі білім беру мектебінің деканы Нұрғалиева Р.Е.

– Бейіндік интернатураға қатысты шешімдерді тым жедел қабылдағанымызды ескерсек, «Акушерлік және гинекология» бағытына бір жылға түскен мамандардың таңдау құқығын тым шектеп қойған сияқтымыз. Менің ойымша, акушер-гинеколог интерндердің мүмкіндіктерін кеңейту қажет. Себебі интернатурадағы бір жыл адамның болашақ тағдырын толық айқындамауы тиіс, ал кейбірі бұл бағытта өз болашағын көрмеуі мүмкін.

Мысалы, «Дерматовенерология» сияқты мамандықтарды қосуға болады. Яғни терапевтік бейіндегі кейбір мамандықтарды таңдауға акушер-гинекологтарға мүмкіндік беру керек деп санаймын. Жалпы, «Акушерлік және гинекология» бағыты бойынша мүмкіндіктерді тым шектеулі етіп қойдық деп ойлаймын. Сондықтан осы бір жылдық интернатураны тәмамдаған кез келген маманға резидентураға түсу үшін кеңірек қолжетімділік беруіміз керек деп есептеймін. Әйтпесе әлеуметтік шиеленіс туындауы мүмкін. Өйткені олар осы интернатураға түскен кезде «кейін басқа мамандыққа өте аламын ба?» деген сұрақтар туындаған болатын.

Жауап: Иә, бұл мәселе бізде де қарастырылған. Алайда, өздеріңіз білетіндей, акушер-гинеколог мамандар барлық өңірлерде жетіспейді. Қалаларда да, аудандарда да кадр тапшылығы өте жоғары. Осы себепті траекторияны әдейі шектеулі етіп қалдырдық.

Дегенмен бұл әзірге жоба ғана, әлі де талқылану үстінде. Сондықтан сіздің ұсынысыңыз міндетті түрде ескеріледі. Рахмет.

Сұрақ: «ҚМУ» КеАҚ терапия бойынша ЖБТ төрайымы Тайжанова Д.Ж.

– Рұқсат етсеңіздер, біз де бірқатар ұсыныстар енгізгіміз келеді. Уақыт аз болды, дегенмен алдын ала мынадай сұрақтар қойып, ұсынымдар бергіміз келеді.

Резидентурадағы терапевтік бағытты ересектер және балалар компоненттеріне бөлу мәселесін талқылау мүмкін бе? Яғни мүмкіндігінше резидентурада (ересектер мен балалар) аралас мамандықтарды алып тастау.

– Осыған байланысты біз терапия бойынша бейіндік интернатураны аяқтағаннан кейін ересектерге арналған терапевтік бейіндегі мамандықтар бойынша резидентураға түсу траекториясын ұсынуды талқылауды жөн көрер едік. Ал педиатрия бойынша бейіндік интернатураны аяқтағаннан кейін тек балалар бейініндегі мамандықтарға резидентураға түсу траекториясын ұсыну қажет деп санаймыз. Ал педиатрия бойынша мамандандырылған интернатураны аяқтағаннан кейін тек педиатриялық мамандықтар бойынша резидентураға түсу жолын ұсынамыз.

– Жалпы дәрігерлік практика интернатурасына көшу форматы қандай болады? Олар қалай бейінделеді, әлде 6 бағыт бойынша өте ме? Сонымен қатар, егер олар терапия мамандығына қарағанда кредиттерді аз көлемде меңгерсе, онда резидентураға белгілі бір мамандықтар бойынша түсуге құқығы бола ма?

Жауап: Мамандықтарды ересектер және балалар компоненттеріне бөлу мәселесі бізде де туындап отыр. Өткен жылы өздеріңіз білетіндей, 14 балалар мамандығы бөлек шығарылған болатын. Бұл мәселе күн тәртібінде тұр, алайда нақты жауап әлі алынған жоқ. Қазіргі уақытта бізде тек траекторияның жобасы бар, алдағы уақытта тағы да талқылаймыз деп ойлаймын. Биыл бізде екі түлек легі бар болғандықтан, траекторияны кең көлемде қалдырдық.

Қазіргі таңда 5 + 2 және 5 + 1 үлгілері бар, яғни екі түрлі МЖМББС қолданыста. Жыл басында біз олардың нақты қандай мамандықтарға түсе алатынын шектемеген едік. Қазір өзгеріс енгізсек, әлеуметтік шиеленіс туындауы мүмкін, бұл құптарлық жағдай емес.

Қаулы

Бейіндік интернатурадан резидентураға түсу траекториясы бойынша ұсыныстар 19.02.2026 ж. дейін ұсынылсын.

Екінші сұрақ бойынша тыңдалды: «ҚМУ» КеАҚ стратегия, цифрландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректоры Риклефс В.П.
(Материалдар коса берілген)

Қаулы

Ақпарат назарға алынсын.

Төраға



Берікұлы Д.

Хатшы



Оразбаева А.К.